

Ақтау - Құрық және Құрық - Жетібай автомобиль жолдарын республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесіне қосу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 қарашадағы N 1095 Қаулысы

"Құрық портпунктінің" дамуына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының
т і з б е с і н е :

ұзақтығы 59 километр Ақтау - Құрық және ұзақтығы 64 километр Құрық - Жетібай
автомобиль жолдары қосылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Қазақстан
Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру
комитетімен және Маңғыстау облысының әкімімен бірлесіп, жоғарыда көрсетілген
автомобиль жолдарын қабылдап алу-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру
іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.08.2015 № 655 қаулысымен (алғашқы ресми
жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі